

## Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 1250 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 1326 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.12.2013 № 1326 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Астық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

### Қ А У Л Ы

### Е Т Е Д І :

1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін:  
ҚР СТ 1046-2008 3-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 40000 (қырық мың) теңге (ҚҚС төлеушілер үшін) мөлшерінде;

2) мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін:  
ҚР СТ 1046-2008 4-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 36000 (отыз алты мың) теңге мөлшерінде;

ГОСТ 28672-90 2-сыныпты арпаның бір тоннасына 32000 (отыз екі мың) теңге мөлшерінде;

3) мемлекеттік тұқым ресурстары үшін:  
осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаздық жұмсақ бидай және арпа тұқымдарының репродукциялары мен егіс стандартының сыныптары бойынша сатып алу бағасы белгіленсін.

2. «Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы» және «Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1118 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 1496 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 7, 136-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

1

қазандағы

№

1250

қаулысына

қосымша

**Жаздық жұмсақ бидайдың және арпаның сорттық тұқымдарын сатып алу бағасы (1 тоннаға теңге)**

Дақылдың атауы	I репродукция		II репродукция		III репродукция	
	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып
Бидай.	77 200	66 400	64 160	64 240	52 880	50 120
Арпа	70 080	57 280	58 240	49 600	43 840	38 720

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК